

Қазақстан Республикасы  
Жоғары соты төрағасы  
Жақып Асановқа

Түркістан облысы Адвокаттар  
алқасы жеке дара адвокаты  
М.И.Айметовадан  
Түркістан қаласы  
У.С.Суннатовтан  
Түркістан қаласы

Алғыс хат!

Құрметті Жақып Асанов!

Мен сізге осы хат арқылы Түркістан облысының мамандандырылған аудан аралық әкімшілік сотының судьясы Марат Онласовқа үлкен алғысымды ризашылығымды білдіргім келеді. Себебі 2 жылдан бері түрлі құзыретті мекемелерінің есігін қағып бір мәселені шеше алмай келдік, атап айтқанда ерлі-зайыптылар ажырасқан кезде ата-анадан мұраға қалған үйді ортақ үлес деп шығарылған сот шешіміні бұзып Түркістан облыстық алқа соты әділетті шешім қабылдап берді. Бірақта содан кейін әйелінің үлесі жоқ болғандықтан тіркеу бөлімінен оның үлесін алып тастау жайлы жазған өтініш арыздарымыз нәтижесіз қалып 2 жыл бойы құзыретті мекемелер бір біріне сілтеумен келді.

2021 жылынан бастап өз жұмысын бастаған Түркістан облысының мамандандырылған әкімшілік соты дер кезінде бұлтты аспанға күн шыққандай болды. Біздің 2 жыл бойы ары бері сандалып жүрген мәселеміз бойынша әкімшілік соты судьясы М.Онласов бір сәтте мәселемізді шешіп жүйкемізді тоздырған мәселеге нүкте қойды. Яғни тіркеу бөліміне тіркеу парағындағы әйелінің үлесі жазылған жазбаның күшін жою туралы шешім шығарды.

Біз Марат Онласовқа үлкен алғысымызды айта отырып оған қиын және жауапты жұмысында сәттілік, ден саулық тілейміз!

М.Айметова

У.Суннатов